

«Тексерілді»

«Данышпан балақай» жекеменшік

балабақшасының әдіскері:

 М.А.Туякова

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
Перспективалық жоспары**

№ 5 «Құлыншақ» ересек тобы

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.

Кезең	НАУРЫЗ
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Сызықтар арасында (арақашықтығы 15 сантиметр), сызық бойымен, арқанмен, тақтамен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен (заттарды аттап өтіп, баста қапшықпен бұрылып, қолдарды жан-жаққа) жүру дағдысын қалыптастыру. Аяқтың ұшымен жүгіру; тізені жоғары көтеріп, ұсақ және кең адыммен, бір-бірден колоннада, шеңбер бойымен, жыланша, шашыраңқы. Гимнастикалық қабырғаға кезек-кезек адыммен жоғары-төмен өрмелеу, аралықтан оңға, солға аралыққа өту. Бір орында екі аяқпен секіру (жүрумен кезектестіріп 2-3 рет секіру). Доптарды бір-біріне төменнен, бастан асыра лақтыру және оларды қағып алу (1,5 метр қашықтықта), Музыкамен таныс, бұрын үйренген жаттығулар мен циклдік қимылдарды орындауға ынталандыру. Жалпы дамыту жаттығулары Қолдар мен иық белдеуіне арналған жаттығуларды жетілдіру: Қолдың екі жаққа, алға қараған қалпында білезіктерді қысып-жазу, айналдыру, саусақтарды біріктіру және ажырату, созу. Денеге арналған жаттығулар: тұрып, аяқтарды қосып (ажыратып), алға еңкею, саусақтармен аяқ ұштарын шығару, заттарды қою және көтеру. Аяққа арналған жаттығулар: түрегеп тұрып, аяқ саусақтарымен орамалдарды және басқа ұсақ заттарды ұстап, оларды басқа орынға ауыстыру; аяқ табандарын айналдыру; тізеден бүгілген аяқтарды кезекпен көтеру. Қимылды ойындар Қозғалмалы ойында жетекші рөл атқаруға, ойын ережесін орындауға саналы түрде қарауға үйрете беру. Балалардың белсенділігін доппен, секіргішпен, шеңбермен және басқа да ойындарда дамытуды жалғастыру. Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі

	Балалардың доптармен, шеңберлермен, қозғалтқыш ойыншықтармен ойнауын көтермелеу, спорттық және қозғалмалы ойындар үшін дене шынықтыру құралдарын, жабдықтарды, атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға тарту, қозғалыс ойындарына қатысуға қызығушылықтарын ояту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Тамақтану тәртібін сақтау қажеттілігін тәрбиелеу. Салауатты өмір салты туралы түсінікті кеңейту. Ауырған кезде, жарақат алған кезде ересектердің көмегіне жүгіне білуді қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар Өз бетінше жуынуға, тамақ ішер алдында, кірлеген сайын, дәретханадан шыққан соң қолды сабынмен жууға дағдыландыру. Тамақтану әдебін сақтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: өз бетінше киіну және шешіну. Сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары Желдетілетін бөлмеде қозғалуға ыңғайлы жеңіл киіммен дене жаттығуларын орындауға шақыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Фонематикалық есту қабілетін дамытуды жалғастыру: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып, атауды үйрету. Сөздік қоры Сөздік қорын ересектердің кәсібін білдіретін зат есімдермен, еңбек қызметін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, предлогтарды қолдану. Балалар сөздігіне қарама-қарсы мәндегі сөздерді енгізуді жалғастыру - антонимдер. Балаларды қазақ халқының қонақ күту дәстүріне (қонақты қарсы алу, отырғызу, сыбаға беру, ас қайыру, бата беру) баулу. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдердің ретімен атау, оларды зат есімдермен бірге септікте, жекеше және көпше түрде атау, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыру, етістіктерді бұйрық райда (отыру, жүру, жүгіру т.б.) қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу Диалогтық сөйлеуді жетілдіру.

	Әңгімелеу қабілетін жетілдіру; затты, суретті өз бетінше зерттеп, сипаттау. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдар қою.
Көркем әдебиет	Өлеңді жаттауда түрлі интонацияларды, кідірістерді, логикалық екпіндерді қолдана білуді, өз кейіпкерлеріне жанашыр болуды қалыптастыру. Көркем шығармаларды мұқият тыңдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, олардағы әрекеттердің дамуын бақылауға шақыру. Балаларға ертегіні, әңгімені өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Шешендік өнерге, жұмбақ шешу өнеріне, мақал-мәтелдерді жаттауға, айтысқа баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә,ө,ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор: Табиғат құбылыстарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыруды жалғастыру. 5-ке дейін тура санауға жаттықтыруды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйретуді жалғастыру. сөздерді байланыстырып құрастыруды үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлем құруға үйрету. ойыншықтарды педагогтың үлгісі бойынша қысқаша сипаттауға үйрету.
Математика негіздері	Жиын Әртүрлі түстен, көлемнен тұратын көптеген заттар туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; осы заттарды салыстыру, жұптарды салыстыру негізінде олардың теңдігін немесе тең еместігін анықтау. Саны, шот Екі қатарда орналасқан заттар топтарын салыстыру, теңдік және теңсіздік ұғымдарын қалыптастыру. 5-ке дейінгі аралықта тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Шаманы салыстыру кезінде үстемелеу (үстіне) және жапсыру (жанына) тәсілдерін қолдануға шақыру. Геометриялық пішіндер Геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) тану және атау; көру және сипап сезу арқылы геометриялық фигураларды зерттеу.

	Кеңістікке бағдарлану Өзіне қатысты кеңістіктік бағыттарды анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) білігін қалыптастыруды жалғастыру. Уақытқа бағдарлану Тәулік бөліктері (таң, күн, кеш, түн), олардың тән ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерді кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертен» сөздерінің мағынасын түсіндіру).
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй Мен бейнесін қалыптастыруды жалғастыру. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын айта білуді бекіту, балада өзін-өзі құрметтеуді, өзіндік қадір-қасиет сезімін, өзіне, оны жақсы көретініне, жақсы екеніне сенімділікті тәрбиелеу. Отбасы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Заттар әлемі Айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен тағайындалуы туралы түсінікті бекіту. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерін (әуе, су, жер үсті), жабдықтары мен мақсатына байланысты көлік түрлері (өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем және басқалар); телефон, компьютер, теледидар және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін ажыратуды жалғастыру. Адамдардың еңбегі үшін ризашылық сезімдерін тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары Әр түрлі көліктер мен оларды басқаратын адамдар туралы білімді жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересектер еңбегі Топтағы кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындау дағдыларын бекіту: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелерді, салфеткаларды, ас құралдарын (қасықтарды, шанышқыларды, пышақтарды) ретімен орналастыру. Қолдан келетін жұмысты орындауда балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктерін күту, суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т. б. Баланың айналасындағы ойыншықтарға, заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, олар адамдардың еңбегімен жасалатыны туралы түсінік қалыптастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Қолдан келетін жұмысты орындауда балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктерін күту, суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б. Менің Отаным – Қазақстан Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту. Патриотизмге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

	Жол қозғалысы ережелері Көлік түрлері, жол бөліктері (жаяужол, жолдың жүру бөлігі, жаяу жүргінші және жерасты өткелі), бағдаршам сигналдары, көшеде жүру ережелері, өткел туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға өз атын, тегін, жасын, ата-анасының атын білуді бекіту, қиын жағдайларда (адасып қалды, жарақат алды, қарны ашты және т.б.) Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары Ауа-райы құбылыстары туралы түсініктерді кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау, ауа райына сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату (жел соқты, жапырақтар түсті, даладағы суықтан жердегі қар мұзға айналды және т. б.), құмның, қардың, судың, мұздың, тастың, балшықтың қасиеттерін ойын, еңбек, эксперимент барысында анықтау білігін қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі Олардың даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабак, жапырақ, гүл, тұқым) туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді бекіту: жемістер, көкөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шалғын), бұталар мен ағаштар (бақша және орман). Жануарлар әлемі Үй жануарлары және олардың төлдері (мінез-құлық, қозғалыс, тамақтану ерекшеліктері, адам үшін пайдасы), оларды күтудегі ересектердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Үй жануарлары және олардың төлдері (мінез-құлық, қозғалыс, тамақтану ерекшеліктері, адам үшін пайдасы), оларды күтудегі ересектердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және "лего" конструкторларынан құрастыру Бөлшектерді жапсыру, қабаттастыру тәсілдерін жетілдіру, пластиналарды, кірпіштерді тігінен және көлденеңінен орналастыру; құрастыру үшін пайдаланылатын құрылыс бөлшектерін (куб, пластина, кірпіш, блок және т. б.) ажырату және атау, оларды сапасы, көлемі және пішіні бойынша таңдау, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын анықтау. Дайын құрылысты талдау қабілетін қалыптастыру. Қағазбен құрастыру Қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру: қағаз парағын екіге бөту, оны көлемді пішіндерге, кесектерге, спиральдарға, ілмектерге айналдыру; қабырғалары мен бұрыштарын беттестіру, бөлшектерді бір-біріне желімдеу. Табиғи, қалдық материалдан құрастыру Табиғи (құймақ, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дән түрлері, т.б.) және қалдық (қақпақ түрлері,

	пластмасса, қораптар, іш киімге арналған қысқыштар, т.б.) материалдардан құрастыруға шақыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығын дамыту. Заттарды көлеміне қарай: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа деп салыстыра білу дағдысын қалыптастыру. Қазақ ою-өрнегінің элементтерін салып, элементтердің орналасу тәртібін, ара қашықтығын сақтау. Балаларға қылқаламмен, қарындашпен тек бір бағытта (жоғарыдан төмен немесе солдан оңға қарай) сызықтар мен штрихтар жүргізу арқылы суреттерді бояу білігін үйретуді жалғастыру.
Мүсіндеу	Заттардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді біріктіре отырып, бірнеше бөліктерден мүсіндеу іскерлігін жетілдіру. Балалардың көлемді фигуралар мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге деген қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде жұлу, қысу, батыру, бұрау, созу, жаю тәсілдерін қолдануға шақыру. Стекстің көмегімен мүсінделген бұйымдарды өрнекпен безендіруге деген ұмтылысты ынталандыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылықты арттыру. Дайын бұйымды дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш түріндегі қазақ ою-өрнегінің элементтерімен безендіру білігін қалыптастыру. Мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Аппликацияға, шығармашылық іс-әрекетке, қабілетке, қиялға деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Дайын пішіндерден жануарлардың, құстардың, гүлдердің және т.б. фигураларын қиып алып, сол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Кішкентай элементтерді ересек адамның көмегімен жапсыру, алдымен қағаз парағында заттардың суреттерін жасау, содан кейін оларды жапсыру. Геометриялық және өсімдік тектес пішіндерден жасалған ою-өрнектерді жолаққа олардың реттілігін ескере отырып жапсыру дағдысын қалыптастыру. Элементтердің реттілігі мен олардың арасындағы қашықтықты сақтай отырып, ұлттық ою-өрнектерді қолдана отырып, тұрмыстық заттарды безендіру дағдыларын дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқай білу дағдысын қалыптастыру: ақырын, қатты, баяу, тез. Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырату қабілетін дамыту (секста, септима шегінде жоғары, төмен), иллюстрацияларды көрсету және ымдау арқылы әндерді сүйемелдеу қабілеті. Ән айту Әуенді таза, фразалардың соңын жұмсарту, сөздерді анық айту, музыканың сипатын бере отырып мәнерлеп айту;

жоғары және төмен дауыспен, дауысты және естуді дамыту үшін қолдардың қозғалысын көрсету дағдыларын қалыптастыру.

Аспаптың сүйемелдеуімен және онсыз (тәрбиешінің көмегімен) ән айтуға шақыру.

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Марш сипатын ырғақты жүріспен беруге шақыру; музыканың қозғалмалы сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен, екі аяқпен секіруді қозғалмалы екпінде жеңіл және еркін орындауға, музыканың ырғағын дәл беруге шақыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау

Ағаш қасықтарда, сылдырмақтарда, барабанда, металлофонда қарапайым әуендерді ойнай білуді жетілдіру.

Балалардың музыкалық аспаптарын тану және атау дағдыларын жетілдіру.

Би

Музыканың би сипатын қабылдау білігін қалыптастыру; жеңіл, ырғақты қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау, биде ойындық музыкалық әрекеттерді қолдану.

"Қамажай" биін әрі қарай үйрету.